

Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 19 ақпандағы N 06-2-2/51 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2730. Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылғы 29 қарашадағы № 02-02-18/222 Бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылғы 29 қарашадағы № 02-02-18/222 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1288 қаулысын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу жөніндегі нұсқаулық б е к і т і л с і н .

2. Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві басқармасы белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е. Б. Қанағатовқа жүктелсін.

4. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 19 ақпандағы "Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы"
N 06-2-2/51 бұйрығымен
бекітілген

Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуден өткізу жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер

1. Осы дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуден өткізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1288 қаулысын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Нұсқаулық дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуден (бұдан әрі - Аккредиттеу) өткізуді нақтылайды.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктер (бұдан әрі - бірлестіктер) Қазақстан Республикасының атынан тиісті халықаралық ұйымдарға қатысушы болу құқықтарын таныту мақсатында аккредиттеуден өтеді.

4. Тіркелген бірлестіктерді аккредиттеуді және тізілім жүргізуді бірлестіктің қызметін бағалау негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Бірлестіктерді аккредиттеу мәселелерін алқалы әрі жариялы түрде қарау үшін уәкілетті орган консультативтік-кеңесшілік орган - республикалық қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

2. Аккредиттеу жөніндегі комиссия

6. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

7. Аккредиттеу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) беру немесе беруден бас тартуға, сондай-ақ куәліктің қолданылуын тоқтатуға ұсынылған материалдарды қарау үшін Комиссия құрылады.

8. Комиссияның құрамында уәкілетті органның мамандары мен спорт ұйымдарының өкілдері болады. Уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен комиссияның құрамы бекітіледі.

9. Комиссия оның қызметіне қойылатын негізгі талаптарды ескере отырып, ұсынылған мынадай құжаттарды:

1) спорт түрін және спорттық қызметінің бағытын ескере отырып, уәкілетті орган әзірлеген нормативтік-құқықтық ережелердің сақталуын;

2) қажетті материалдық-техникалық базаның болуын;

3) республикада спорт түрінің даму деңгейі мен осы спорт түрін немесе спорттағы қызметтің бағытын дамытуға бірлестіктің қатысуын;

4) спорт саласындағы және тиісті спорт түрінен халықаралық нормалар мен ережелердің сақталуын;

5) оқу-жаттығу сабақтары мен спорттық іс-шаралар өтетін объектілердің құрылыс, санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы нормалары мен техника қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін;

6) жоғары сыныпты спортшылар мен спорт резервін, жаттықтырушы кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруді талдайды.

10. Комиссия:

1) бірлестікті аккредиттеуге;

2) бірлестікті аккредиттеуден бас тартуға;

3) куәліктің қолданылуын тоқтату үшін ұсыным жасауға құқылы.

11. Бірлестіктің аккредиттеуге ұсынған құжаттарын қарау үшін Комиссия қажетіне қарай, бірақ та кемінде екі айда бір рет шақырылады.

12. Комиссия мәжілісі комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3-сі жиналған жағдайда өткізіледі.

13. Комиссия ашық дауыс беру арқылы (әдеттегі көпшілік дауыспен) бірлестікті аккредиттеу, аккредиттеуден бас тарту, іс-әрекетін тоқтата тұру туралы ұсынымдық сипаттағы ұсыныстар енгізеді.

14. Уәкілетті орган комиссия қорытындысының негізінде бірлестікті аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Уәкілетті органның шешімі бұйрықпен бекітіледі және соның негізінде куәлік беріледі.

15. Комиссияның жауапты хатшысы комиссия мәжілістерінің хаттамаларын жүргізеді.

16. Комиссияның жауапты хатшысы іс жүргізеді, құжаттарды, анықтамаларды (актілерді), хаттамалар мен шешімдерді даярлайды, Комиссия мүшелеріне мәжілістің өтетін орны мен уақытын хабарлайды, қабылданған шешімдердің орындалуын жүзеге асырады.

3. Аккредиттеуді өткізу

17. Бірлестік аккредиттеу алу үшін Уәкілетті органға мынадай құжаттарды:
- 1) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінішті (1-қосымша);
 - 2) бірлестік жарғысының нотариалды расталған көшірмесін;
 - 3) заңды тұлға ретінде бірлестіктің мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін;
 - 4) дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның көшірмесін;
 - 5) уәкілетті орган бекіткен спорт түрі бойынша жарыстарды өткізу ережесін;
 - 6) бірлестіктің дене шынықтыру және спорт саласындағы бағдарламаларды іске асыруға қатысуы туралы ақпаратты;
 - 7) «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары кәсіби немесе орташа кәсіби білімді мамандардың бар болуы туралы дипломдардың көшірмесі меншік құқығында бар немесе жалға алған спорт ғимараттарының немесе үй-жайлардың болуы туралы құжаттардың көшірмесі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Бірлестік ұсынған құжаттарды қарау құжаттарды берген күнінен бастап екі айлық мерзімнен кешіктірілмей Комиссия отырыстарында жүзеге асырылады.

19. Куәлік 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 4 жыл мерзімге беріледі.

20. Мынадай себептер бойынша:

1) Осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар түгел ұ с ы н ы л м а с а ;

2) куәлік алу үшін бірлестік ұсынған құжаттарда күмәнді немесе бұрмаланған ақпараттар бар болса, аккредиттеу туралы куәлік беруден бас тартылады.

Бірлестіктің аккредиттеу туралы өтініші көрсетілген бұзушылықтарды жойғаннан кейін жалпы негізде қаралады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату

21. Уәкілетті орган өз шешімімен куәліктің қолданылуын мынадай жағдайларда:

1) аккредиттеу алу үшін бірлестік ұсынған құжаттарда күмәнді немесе бұрмаланған деректер анықталғанда;

2) білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылғанда алты ай мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

22. Куәліктің қолданылуы 15 күнтізбелік күн ішінде мынадай жағдайларда:

- 1) заңды тұлға қайта ұйымдастырылса немесе таратылса;
- 2) куәліктің қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаса;
- 3) білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия қайтарып алынса;
- 4) бірлестік куәліктің қолданылуын тоқтату туралы өтініш берсе;
- 5) оның қолданылу мерзімі аяқталса тоқтатылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бірлестік куәліктің қолданылуы кезеңінде қайта ұйымдастыру немесе тарату жүргізілген кезде бір ай мерзімде уәкілетті органға құрылтай құжаттарының көшірмелерін және заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) куәлігін ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Бірлестік уәкілетті органға оның атауы немесе заңды мекен-жайы өзгерген жағдайда, болған жағдай туралы он бес күнтізбелік күн ішінде хабарлайды және қайта ресімдеу туралы өтінішті және құрылтай құжаттарының көшірмесін және заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті береді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Куәлік жоғалған және бүлінген кезде уәкілетті орган өтініштің негізінде бірлестікке өтініш берілген күннен бастап он бес күн ішінде куәліктің т е л н ұ с қ а с ы н б е р е д і .

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 19 ақпандағы

№ 06-2-2/51 бұйрығымен

бекітілген

Дене шынықтыру және спорт

саласындағы республикалық

қоғамдық бірлестіктерді

аккредиттеу жөніндегі

нұсқаулыққа

1-қосымша

Кімге _____

(дене шынықтыру және спорт жөніндегі

_____ уәкілетті орган басшысының лауазымы, тегі, аты-жөні)

К і м н е н _____

(Республикалық қоғамдық бірлестік басшысының

_____ немесе өкілінің тегі, аты-жөні)

_____ (мекен-жайы, телефоны, электронды поштасы)

Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестікті аккредиттеуге

Өтініш

Сізден _____

(Республикалық қоғамдық бірлестіктің атауы)

құжаттарын қарауыңызды және мемлекеттік аккредиттеу туралы куәлік беруіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілді:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

8. _____

9. _____

М.О. _____

(қолы)

(тегі, аты-жөні) _____

" ___ " _____ 200_ жыл

Өтініштің түскен күні " ___ " _____ 200_ ж.

Тіркеу нөмірі _____

(жауапты тұлғаның қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі
Төрағасының міндетін атқарушының
2004 жылғы 19 ақпандағы
N 06-2-2/51 бұйрығымен
бекітілген
Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.01.12 № 02-02-18/2 (ресми бірінші жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Елтаңба Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестікті аккредиттеу туралы КУӘЛК

Заңды тұлғаның атауы

Заңды мекен-жайы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі республикалық қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының атынан _____

_____ тиісті халықаралық ұйымдарға
(спорт түрі)

қатысушы болу мәртебесін, құқықтары мен өкілеттіктерін растайды.
(200_ жылғы " ___ " _____ N ___ бұйрық)

Куәлік 200_жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Туризм және спорт министрі

С е р и я с ы :

Берілген күні:

Астана қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК